

«Рухани жаңғыру» - ұлттық рухымыздың қалыптасуы



Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы: өлкетану мәселелері мен болашағы» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияның мақсаты: адамның рухани дамуы, тарихы мен мәдениетіне негізделіп, өлкетанудың мәселелері мен даму перспективаларын талқылау.

Ғылыми-практикалық конференцияның қатысушыларына Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Сейтбек Бекенұлы құттықтау сөз сөйлеп, залдағы көрермендердің барлығын институттың ашылған күнімен құттықтады. Биыл педагогикалық институтымыздың ашылғанына - 47 жыл!

Жоғары оқу орнының басшысы, жастар арасында Қазақстанның тарихи орындары мен киелі жерлеріне саяхат жасауды дамытудың қажеттілігін айтып, аталған жоба ұлттық біртұтастықты сақтаудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылатындығын атап өтті.

Пленарлық мәжілісте: Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің жетекшісі Сабыржан Тасмағанбет «Киелі жерлер – қасиетті тарихтың негізі»; Л. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің профессоры, г.ғ.д. Орденбек Мазбаев «Экспедициялардың география ғылымына қосар үлесі (Ұлы дала құпиясы)» тақырыбындағы баяндамасымен; С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, х.ғ.д. Оразхан Аймақов «Использование и перспективы растительных ресурсов степного края Торгай» ;Л.

Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің профессоры, п.ғ.д. Меруерт Серік «Заманауи сандық технологияларды оқу процесіне ендіру»; Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы, магистр Баубек Елеусов «Торгай өңіріндегі тарихи - мәдени ескерткіштер - «Киелі Қазақстан» жобасының маңызды құндылығы ретінде»; Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының PhD докторы Қарлығаш Қоразбекова «Педагогикалық жоғары оқу орындарында студенттердің биогеоэкологиялық құзиреттіліктерін қалыптастырудың маңызы» тақырыптарында баяндама жасады.

Конференция 4 секция бойынша жұмыс жасады:

1) Қазақстанды географиялық, өлкетанулық және мемлекеттік бағдарламалық зерттеудің жаңа бағыттары;

2) Мемлекеттік жобаларды жүзеге асыруда заманауи сандық технологияларды пайдаланудың жолдары мен негіздері;

3) Рухани-мәдени құндылықтарды жандандыруда педагогика мен психологияның орны;

4) Гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінен алатын білімнің өлкетану бойынша зерттеушілік дағдыларды қалыптастырудағы маңызы.

Аталған конференция рухани модернизацияның өзекті мәселелерінің танымал болуына, болашақ ұрпақтың өлкетану саласы бойынша білімін кеңейтуге, сондай-ақ киелі жерлердің тарихы жөнінде мәлімет алуға мүмкіндік береді. «Қазақстан – киелі өлкем», «Ел ертеңі – білімді жастар» тақырыптарында кітаптар көрмесі өтті. Конференция қорытындысы бойынша электрондық материалдар жинағы

жарыққа шықты.

Сондай-ақ, Арқалық қалалық білім беру мекемесіне қарасты жалпы білім беретін мекемелердің жаратылыстану пәндерінің мұғалімдері мен химия, биология және география кафедрасының педагог оқытушылар құрамы және осы мамандықтың студенттеріне Л. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің профессоры, г.ғ.д. Орденбек Біліспекұлы «Жаңартылған оқу бағдарламасы» тақырыбында 12 сағаттық (география 7-11 сынып) шеберлік сағатын өткізді.

Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстанның киелі жерлерін зерттеуі екінші рет тыныс алды. Өйткені, рухани жаңғыру, материалдық, табиғи және адами ресурстардан басқа, мемлекет дамуының басты факторы, ұлттық рухымыздың қалыптасуы болып табылады. Білім беру, экология және абаттандыру саласында елеулі өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру, өңірлік тарихты зерделеу, жергілікті ауқымдағы мәдени-тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру қажет. Осылайша, біздің заманымызға дейін сақталған ескерткіштер, археологиялық олжалар арқылы біздің халқымыз үшін өмір сүрудің негізі болғанын айта кетуге болады.

Ата-бабамыздың мәдени мұрасын сақтап, қайта жаңғырту арқылы оны ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу біздің борышымыз.

Құралай ХАМИТОВА,
АрқМПИ «Химия,биология
және география»
кафедрасының оқытушысы